

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 наурыздағы N 394 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 24 мамырдағы N 503 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1185 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2015 № 1185 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыру, сақтау және пайдалану ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 наурыздағы N 394 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 12, 129-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыру, сақтау және пайдалану ережесінде: тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыру, сақтау, жаңарту, орнын ауыстыру және пайдалану ережесі";

Ереженің редакциясы осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда ж а з ы л с ы н ;

2) 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" акционерлік қоғамы:

1) мемлекеттік астық ресурстарын басқару жөніндегі агент;
2) сатып алудың стратегиялық мәні бар астықты мемлекеттік ресурстарға мемлекеттік сатып алу жөніндегі қызметтерді, мемлекеттік астық ресурстарын сақтау және орнын ауыстыру жөніндегі қызметтерді беруші болып белгіленсін".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5 ж ы л ғ ы 2 4 м а м ы р д а ғ ы

N 5 0 3 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыру, сақтау, жаңарту, орнын ауыстыру және пайдалану ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже мемлекеттік азық-түліктік астық резервін, мемлекеттік жемдік астық ресурстарын және мемлекеттік тұқым ресурстарын қалыптастыру, сақтау, жаңарту, орнын ауыстыру және пайдалану, сондай-ақ мемлекеттік сатылатын астық ресурстарын қалыптастыру, сақтау және сату тәртібін реттейді.

2. Мемлекеттік ресурс астығы мемлекеттік (республикалық) меншік болып табылады.

3. Мемлекеттік астық ресурстарын басқару жөніндегі агент (бұдан әрі - агент) өзіне жүктелген функцияларды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген құзыреті шегінде, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігімен (бұдан әрі - уәкілетті орган) жасалған шарт негізінде және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Агент мемлекеттік астық ресурстарын басқаруға байланысты қызметтің нәтижелері бойынша уәкілетті органға және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен есеп береді.

5. Мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыруды осы Ережеде белгіленген тәртіппен, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен көлемді құру және оған жеткізу мақсатында агент жүзеге асырады.

6. Мемлекеттік астық ресурстарын жаңартуды осы Ережеде белгіленген тәртіппен мемлекеттік астық ресурстарын бекітілген көлемге дейін толтыру және қажетті сапада ұстап отыру мақсатында агент жүзеге асырады.

7. Мемлекеттік ресурсқа астық сатып алуды, сондай-ақ мемлекеттік ресурсты сақтау және орнын ауыстыру жөніндегі қызметтерді сатып алуды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен агент жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік азық-түліктік астық резерві

8. Мемлекеттік азық-түліктік астық резервін қалыптастыру және жыл сайын жаңарту астықты республикалық бюджет қаражаты есебінен сатып алу не астықты мемлекеттік сатылатын астық ресурстарынан аудару жолымен жүзеге асырылады. Мемлекеттік азық-түліктік астық резервін қалыптастыру және жаңарту процесінде босаған астық көлемі мемлекеттік сатылатын астық ресурстарына жіберіледі.

9. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен белгіленген мемлекеттік азық-түліктік астық резервінің көлемі азаймайтын қор болып табылады.

Мемлекеттік азық-түліктік астық резервінің көлемі және мақсаты, пайдаланылатын көлемді қалпына келтіру шарттарын көрсете отырып, заңнамада белгіленген мақсаттарға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен бекітіледі.

3. Мемлекеттік жемдік астық ресурстары

10. Мемлекеттік жемдік астық ресурстарын қалыптастыруды және жаңартуды уәкілетті орган агент арқылы мынадай жолдармен жүзеге асырады:

Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған көздердің есебінен астық с а т ы п а л у ;

мемлекеттік сатылатын астық ресурстарынан ауыстыру;
қайтару коэффициентін ескере отырып, бұрын берілген жемдік несиені қ а й т а р у ;

мемлекеттік жемдік астық ресурстарын сатудан түскен қаражатқа астық сатып алу және берілген банктік кепілдіктер бойынша талап ету құқығын іске асыру.

11. Мемлекеттік жемдік астық ресурстарын пайдалану жемдік несие беру және сату арқылы жүзеге асырылады.

12. Жемдік несиені беруді бөлінген несие құнының 10 пайызынан аспайтын мөлшердегі қайтару коэффициентін ескере отырып, қайтарымдылық және коммерциялық негізде агент жүзеге асырады.

Жемдік несие агентпен келісілген нысан бойынша Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес рәсімделген кепілдігі ұсынылған кезде беріледі.

13. Несиe алушы жемдік несиені алу үшін комиссияға мынадай құжаттарды т а п с ы р а д ы :

ж а з б а ш а ө т і н і м ;

несиe алушыда малының және/немесе құсының барлығын растайтын құжат;
екінші деңгейдегі банктің кепілдік беруге дайындығы туралы ниет-хаты.

14. Несиені қайтару мемлекеттік астық ресурстарын сақтауға рұқсат берілген астық қабылдау кәсіпорындарына несиe беру шартында көрсетілген мерзімде және нысанда жеткізу жолымен заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

15. Мемлекеттік жемдік астық ресурстарын сату алдын ала төлемі немесе Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінің кепілдігі бар болған

кезде уәкілетті органмен келісу бойынша агент белгілеген нысанға сәйкес жүзеге асырылады.

16. Қажет болған жағдайда агент Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен айырбастау шарты негізінде мемлекеттік жемдік астық ресурстарын айырбастауды жүзеге асырады.

4. Мемлекеттік тұқым ресурстары

17. Мемлекеттік тұқым ресурстарын қалыптастыруды және жаңартуды уәкілетті орган агент арқылы мынадай жолдармен жүзеге асырады:

Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған көздердің есебінен аттестаттаудан өткен өндірушілерден тұқым сатып алу;

тұқымды мемлекеттік сатылатын астық ресурстарынан ауыстыру;
бұрын берілген тұқымдық несиені қайтару;

мемлекеттік тұқым ресурстарын сатудан түскен қаражатқа аттестаттаудан өткен өндірушілерден тұқым сатып алу.

Қажет болған жағдайда агент мемлекеттік астық ресурстарын тиімді басқару мақсатында тұқымды мемлекеттік ресурстардан кейін мемлекеттік ресурстарды бекітілген көлемге дейін жеткізу арқылы мемлекеттік сатылатын ресурстарға ауыстыруды жүзеге асырады.

18. Мемлекеттік тұқым ресурстарына жеткізілетін сұрыптық тұқым Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат берілген Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміне енгізілген сорттарға жатуға, ал сұрыптық және себу сапалары бойынша мына талаптарға жауап беруге тиіс:

дәнді дақылдар (жүгеріден басқа) - бірінші-төртінші репродукциялы, сұрыптық тазалығы екінші санаттан және себу стандартының екінші сыныбынан төмен емес;

жүгері сұрыптары мен будандарының тұқымы - бірінші-үшінші репродукциялы, сұрыптық тазалығы екінші санаттан, себу стандартының екінші сыныбынан, бірінші буындағы будандардан төмен емес;

күнбағыс тұқымы - бірінші репродукциядан, сұрыптық тазалығы екінші санаттан, себу стандартының екінші сыныбынан, бірінші буындағы будандардан төмен емес;

басқа ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымы - бірінші-үшінші репродукциялы, сұрыптық тазалығы екінші санаттан және себу стандартының екінші сыныбынан төмен емес.

19. Агент мемлекеттік тұқым ресурстарын пайдалануды тұқымдық несиені беру және сату жолымен жүзеге асырады.

20. Тұқымдық несиені беру бөлінген несие құнының 10 пайызынан аспайтын мөлшердегі қайтару коэффициентін ескере отырып, қайтарымдылық және коммерциялық негізде жүзеге асырылады. Тұқымдық несие агентпен келісілген нысан бойынша Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес рәсімделген кепілдігі ұсынылған кезде беріледі.

Тұқымдық несиені алу үшін ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері комиссияға өтінішті, жер учаскесіне құқығын куәландыратын құжаттың көшірмесін және Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінің кепілдік беруге дайындығы туралы ниет-хатын береді.

21. Тұқымдық несиені қайтару заңнамада белгіленген тәртіппен ағымдағы жыл егінінің азық-түліктік астығын не сұрыптық тұқымдарын мемлекеттік астық ресурстарын сақтауға рұқсат берілген астық қабылдау кәсіпорындарына несие беру шартында көрсетілген мерзімдерде жеткізу жолымен жүзеге асырылады.

22. Тұқымды сату алдын ала төлемі немесе агентпен келісілген нысан бойынша Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінің кепілдігі болған кезде жүзеге асырылады. Тұқымды сатып алу кезінде сатып алушылар агентке өтінішті және жер учаскесіне құқықты куәландыратын құжаттың көшірмесін береді.

23. Қажет болған жағдайда агент айырбастау шарты негізінде мемлекеттік тұқым ресурстарын айырбастауды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

5. Мемлекеттік сатылатын астық ресурстары

24. Мемлекеттік сатылатын астық ресурстарын қалыптастыруды және жаңартуды уәкілетті орган агент арқылы республикалық бюджет қаражаты есебінен сатып алу не мемлекеттік астық ресурстарының басқа түрлерінен ауыстыру жолымен жүзеге асырады.

25. Мемлекеттік сатылатын астық ресурстарын гуманитарлық көмек көрсету, ішкі рынокты реттеу мақсаттарында пайдалану Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік сатылатын астық ресурстарын астықты экспортқа шығаруды, ішкі рынокта сатуды және мемлекеттік азық-түліктік астық резервін, мемлекеттік жемдік астық ресурстарын және мемлекеттік тұқым ресурстарын жаңартуды қамтамасыз ету мақсаттарында пайдалануды агент Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз бетімен жүзеге асырады.

26. Қажет болған жағдайда агент айырбастау шарты негізінде сатылатын астық ресурстарын айырбастауды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

6. Мемлекеттік астық ресурстарын сақтау және орнын ауыстыру

27. Мемлекеттік астық ресурстары заңнамада белгіленген тәртіппен астықты сақтауға рұқсат берілген астық қабылдау кәсіпорындарында сақталады.

Дәнді, майлы дақылдардың сұрыптық және буданды тұқымы астық қабылдау кәсіпорындарында тұқымның бүлінуден толық сақталуын және басқа дақылдармен және сұрыптармен араласып кетпеуін қамтамасыз ететін осыған арнайы бөлінген астық қоймаларында орналастырылады және сақталады.

28. Астық қабылдау кәсіпорындары және агент Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік астық ресурстарының сандық-сапалық сақталуын қамтамасыз етеді.

29. Мемлекеттік азық-түліктік астық резервін сақтау мен орнын ауыстыру жөніндегі шығыстар республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Мемлекеттік жемдік астық ресурстарын, мемлекеттік тұқым ресурстарын және мемлекеттік сатылатын астық ресурстарын сақтау мен орнын ауыстыру жөніндегі шығыстар оларды пайдаланудан түскен қаражат, сондай-ақ агенттің иелігіндегі өзге де қаражат есебінен жүзеге асырылады.

Агент астық қабылдау кәсіпорнына мемлекеттік астық ресурстарының бір бөлігін (мемлекеттік азық-түліктік астық резервін қоспағанда) оларды сақтау жөніндегі қызметтерге төленетін ақы есебіне бере алады.

30. Астық қабылдау кәсіпорындары уәкілетті органға және агентке қажетті ақпаратты және мемлекеттік астық ресурстарын сақтау жөніндегі есепті ұсынады.

7. Мемлекеттік астық ресурстарының сапасын сертификаттау және оған сараптама жасау

31. Мемлекеттік жемдік астық ресурстарындағы және мемлекеттік сатылатын ресурстардағы астықтың сапасын сертификаттау және оған сараптама жасау қолданыстағы заңнамаға сәйкес, оларды пайдаланудан түскен қаражат есебінен жүргізіледі.

32. Мемлекеттік ресурстардағы тұқым сапасына сараптама жасау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

8. Мемлекеттік астық ресурстарымен жасалатын операцияларды қаржыландыру

33. Агентке мемлекеттік астық ресурстарын басқарғаны үшін сатылған астық құнының 3 (үш) пайызы мөлшерінде мемлекеттік астық ресурстарын пайдаланудан түскен қаражат есебінен комиссиялық сыйақы көзделеді.

34. Мемлекеттік азық-түліктік астық резервінен басқа мемлекеттік астық ресурстарын сақтау, сондай-ақ астықты пайдалануға байланысты шығындар мемлекеттік астық ресурстарымен жасалған операциялардан түскен қаражат есебінен төленеді.

35. Мемлекеттік астық ресурстарын пайдаланудан түскен қаражат агенттің банктік шоттарында жинақталады.

Агенттің комиссиялық сыйақысын, салықтарды және астықты пайдалануға байланысты басқа да шығындарды шегергендегі мемлекеттік сатылатын ресурстардың астығын пайдаланудан түскен ақша агенттің банктік шоттарынан республикалық бюджеттің кірісіне аударылады.

Мемлекеттік жемдік астық ресурстарын, сондай-ақ мемлекеттік тұқым ресурстарын пайдаланудан түскен ақша көрсетілген ресурстарды қалыптастыру және жаңарту мақсатында жемдік астық пен тұқымды сатып алу үшін пайдаланылады. Бұл ретте мемлекеттік жемдік астық ресурстарын және мемлекеттік тұқым ресурстарын пайдаланудан уақытша бос ақша екінші деңгейдегі банктердің депозиттеріне және бағалы қағаздарға орналастырылуы мүмкін.

Уақытша бос ақшаны депозиттерге орналастырудан алынған сыйақыны агент мемлекеттік жемдік астық ресурстарын және мемлекеттік тұқым ресурстарын қалыптастыруға жұмсайды.

36. Агенттің мемлекеттік астық ресурстарын басқаруға байланысты жасаған операцияларын есепке алуды агент өз қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелерінен бөлек жүзеге асырады.